

# Құлпытастардың құпиясын айтты

**Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ**

**Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Еліміздің өткені мен бүгіні» атты мәдени бағдар өтті. Шарада сайын даланың сардарлары – балбалтастар туралы кеңінен сөз қозғалды.**

– ...Ата, қараңызшы анау тұрған тас па?

– Балам, бұл жай ғана тас емес, өткен тарихтың куәсі болған – балбалтастар...

Саяхаттап жүрген атасы мен немересінің арасындағы әңгіме есебінде өрбіді бұл шараның барысы. Білуге құмар бүлдіршін атасынан даладағы құлпытастардың құпиясын сұрайды. Көнекөз қария оған балбалтас жайында, балбалға кіндігі байланған ел та-

рихы жайында сыр шертеді. Осы аралықта өрнекті өлең оқылды, әуезді ән де әуеледі. Күңіренген қобыз сарыны өткенімізді көз алдымызға әкелді.

– Балбалтастар шынымен, өткен ғасырлардан сыр шертетін ғажайып жәдігерлер. Біздің Шығыс өңірі осы бір қазынадан кенде емес. Еліміз бойынша сирек кездесетін тастар біздің аймақтан табылып жатады. Мәселен, Тарбағатай даласынан табылған

ерекше балбалтас елімізде бұған дейін бір-ақ рет кезіккен. Сонымен мақтануымызға болады, – дейді тарихи өлкетану мұражайының өкілі Айнұр Асқарова.

Ізденімпаз бүлдіршін осындай мағлұматтармен қанықты. Қария баласына өңірдегі балбалтастар көп кездесетін өлкелер жөнінде де біршама әңгімелеп берді. Соңында балақай «балбалтастар – тарихтың бастауы, аталарымыздың асыл мұрасы екен. Оларды қорғауымыз керек» деген тұжырымға келеді. Шараның көрермен жеткіншектерге берері осында болды.